


Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

«БЕКІТЕМІН»

Оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі  
Проректор А.А. Ивашов

« 23 » 10. 2020 ж.



## «ИНСАЙТ» ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Туркестан, 2020

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

### Келісу парағы

#### Әзірленген:


«Спорт және жалпы білім беру пәндері» кафедрасының аға оқытушысы



Ғ.І. Әбдиева  
«23» 10. 2020 г.

#### Келісілді:

Оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор




А.А. Ивашов  
«23» 10. 2020 г.

«Туризм және спорт» факультетінің деканы



Ж.А. Садықов  
«23» 10. 2020 г.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

## МАЗМҰНЫ

	Түсіндірме жазбасы	4
I	Жалпы ережелер	5
II	«Инсайт» психологиялық клубының мақсаттары мен міндеттері	5
III	«Инсайт» психологиялық клубының жұмысын ұйымдастыру	6
IV	Психологиялық клуб жұмысының әдістері мен формалары	7
V	Психологиялық клуб қатысушыларының құқықтары мен міндеттері	7
VI	Психологиялық клуб жетекшісінің құқықтары мен міндеттері	8
VII	Психологиялық клубтың құжаттамасы	9

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

### Түсіндірме жазбасы

Қазіргі Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру процесі жеке тұлғаға бағытталған парадигма негізінде қарастырылады. Табысты тұлғаны қалыптастыру үшін оңтайлы жолдарды табу, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын өз бетінше шешім қабылдауға қабілетілігі көрінетін жетілген жеке позицияны қалыптастыру үшін әлеуметтік белсенділік қажет. Мұның бәрі университетте қалыптасатын адамның табысты тұлғасын сипаттайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесіне интеграциялау, Халықаралық стандарттарға жауап беретін дипломдардың конвертациялануы, олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына жағдай жасау маманнан таңдалған бағыт бойынша білімді іргелі дайындауды ғана емес, сонымен қатар психологиялық клуб жұмысына қатысу арқылы жеке тұлғаға бағытталған танымды да талап етеді.

«Инсайт» психологиялық клубы аясында жаһандану дәуіріндегі жеке тұлғаға бағытталған дамуды ескере отырып, қазіргі заманғы психологиялық ғылымның өзекті мәселелері талқыланады. Психологиялық клубтың отырыстарына психология саласындағы танымал ғалымдар, қазіргі заманғы мәселелермен айналысатын қызықты тұлғалар шақырылады.

Жасөспірім кезінде өзіне, оқуы мен әлеуметтік пайдалы іс-әрекетіне деген көзқарасы өзгереді, болашақ мамандыққа деген қызығушылықтар, оқу мүдделері мен мінез-құлық мотивтері арасында белгілі бір байланыс орнатылады және «Мен-тұлға», «Мен-маман» бейнесі қалыптасады.

Қазіргі қоғамдағы жаңа талаптар, тұлғаның психологиялық қалыптасуы мен дамуының мағынасын тереңірек түсінуді, тұлғааралық және кәсіби қатынастардың жетістік деңгейін анықтауды талап етеді. Психологиялық мәдениеті жоғары және құзыретті адам-бұл тек терең білімді адам ғана емес, сонымен бірге белгілі бір психологиялық дайындық кешенімен кәсіби іс-әрекет саласына қосылуға қабілетті адам. Сондықтан, жоғары білім беру жүйесінде іргелі білім алу, туризм және спорт салаларында мамандық алу психологиялық қабілеттер мен дағдылардың жүйесімен үйлесімді түрде біріктірілуі керек. Өзінің жеке мүдделерін, нормаларын, психофизиологиялық жетілу деңгейін, моральдық-психологиялық тұрақтылықты қарастыру, жанжалдарды шешу, психологиялық ымыраға дайын болу, консенсусқа ұмтылу сияқты жеке және кәсіби қасиеттерді қалыптастыру. Мұндай міндеттерді іске асыру университеттегі «Инсайт» психологиялық клубының мазмұнын (пәні), жұмысын құрайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

## 1. Жалпы ережелер

1.1 «Инсайт» психологиялық клубы Халықаралық туризм және меймандостық университеті жанынан құрылған клубтық құрылым болып табылады.

1.2 «Инсайт» психологиялық клубы туралы ереже Халықаралық Туризм және меймандостық университетінің жарғысына және регламентіне сәйкес әзірленген және клубтың негізгі міндеттерін, функцияларын, жұмысын ұйымдастыруды анықтайды.

1.3 Білім алушылардың «Инсайт» психологиялық клубының жұмысына қатысуы оқудан бос уақытта жүзеге асырылады және университеттегі қоғамдық қызметтің белсенді түрлерінің бірі болып табылады.

1.4 «Инсайт» психологиялық клубы еріктілік, қатысушылардың теңдігі, өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейді.

1.5 «Инсайт» психологиялық клубы білім алушыларды кешенді психологиялық қолдау жұмысы және академиялық топтардың кураторларымен алдын алу жұмысының нысаны ретінде құрылады.

1.6 «Инсайт» психологиялық клубы мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға бейімделген психологиялық қолдау көрсету ортасы болып табылады.

1.7 «Инсайт» психологиялық клубының қатысушыларына мен мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға психологтың жеке кеңес беру қызметтері ұсынылады.

1.8 «Инсайт» психологиялық клубын басқаруды белсенді студент ерікті негізде (клубтың басқа қатысушыларының пікірін ескере отырып) және педагог-психологтың кәсіби қолдауымен жүзеге асырады.

1.9 «Инсайт» психологиялық клубы Университет Жарғысы негізінде осы Ережені басшылыққа алады.

1.10 «Инсайт» психологиялық клубы Халықаралық Туризм және меймандостық университетінің әкімшілігінде орналасқан Түркістан қаласы, Рабиға Сұлтан бегім көшесі, 14 б.

## 2. «Инсайт» психологиялық клубының мақсаттары мен міндеттері

### Психологиялық клубтың мақсаттары:

- Психологияға қызығушылық танытқан білім алушылардың психологиялық білімдерін кеңейту және тереңдету;
- Әр-бір білім алушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ашу;
- Білім беру ортасында білім алушылар тұлғасының өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

- Болашақ маман тұлғасының психологиялық мәдениеті мен психологиялық құзыреттілігін қалыптастыру;
- Болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінде психологиялық білімді пайдалану үшін оң мотивация қалыптастыру;
- Психологиялық тұрғыдан басқалардың жеке мінез-құлқы мен мінез ерекшеліктерін талдай, өз мінез-құлқынды басқара білу;
- Психологиялық білімді қолдана отырып туризм және спорт саласындағы табысты тұлға мен білікті маманның түрін модельдеу.

**Психологиялық клубтың міндеттері:**

- Білім алушылардың психологиялық құзыреттілігін арттыру;
- Жасөспірім кезіндегі жеке тұлғалық потенциалды дамыту;
- Білім алушы тұлғасының өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру;
- Бірінші курс білім алушыларының университетте бейімделу кезеңінде жұмыстың тиімді түрлерін іздеу арқылы психологиялық клубтың іс-әрекетіне қатысуға тарту;
- Жеке тұлғалық және кәсіби мәселелерді шешу тәсілдерін игеру;
- Өз мінез-құлқындағы және басқа адамдардың мінез-құлқындағы жағымсыз көріністерді анықтау және жеңу;
- Қоғамдағы өзара іс-қимылдың психологиялық дағдыларына оқыту;
- Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

**3. «Инсайт» психологиялық клубының жұмысын ұйымдастыру**

3.1 Психологиялық клубтың жұмысына жалпы басшылық пен бақылауды университеттің педагог-психологы жүзеге асырады.

3.2 Психологиялық клубқа қабылдау студенттің өз қалауы бойынша жүргізіледі.

3.3 Психологиялық клубтың жұмысы психологиялық іс-шаралар түрінде (дәрістер, жеке пікірталастар, практикумдар, психология апталығы, психологиялық білім айлығы, олимпиада, ата-аналарға арналған практикум) айына бір рет оқу жылы бойы жүйелі түрде өткізіледі.

3.4 Психологиялық клубтың жұмыс жоспары білім алушылар – клуб қатысушыларының қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне байланысты түзетіледі.

3.5 Психологиялық клубтың жұмысына мұғалімдер, академиялық топтардың кураторлары, білім алушылар, ата-аналар қатыса алады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

3.6 Оқу жылының соңында клубтың ең белсенді мүшелері психологиялық клуб басшысының ұсынысы бойынша университеттің грамоталарымен және педагог-психологтың сертификаттарымен марапатталады.

#### **4. Психологиялық клуб жұмысының әдістері мен формалары**

- 4.1 Психодиагностика.
- 4.2 Жеке кеңес беру.
- 4.3 Жеке және топтық релаксация.
- 4.4 Топтық пікірталас (жасөспірім кезіндегі білім алушыларды ынталандыру).
- 4.5 Мультимедиялық мотивациялық фильмдер.
- 4.6 Психологиялық ток-шоу.
- 4.7 Диагностикалық, түзету, дамыту, терапевтік ойындар.
- 4.8 Психологиялық оқу.
- 4.9 Басқалардың коммуникативті мінез-құлқын бақылау (қарым-қатынаста өз құзыреттілігін арттыру тәсілі).
- 4.10 Психологиялық тестілеу.

#### **5. Психологиялық клуб қатысушыларының құқықтары мен міндеттері**

«Инсайт» психологиялық клубының қатысушылары барлық мамандықтар Халықаралық туризм және меймандостық университетінің білім алушылары болуы мүмкін. Психологиялық клуб білім алушылардың психологиялық құзіреттілігін қалыптастыруға және дамытуға арналған.

##### **5.1 Психологиялық клубтың қатысушысы:**

- өз еркімен психологиялық клубқа қатысушы болу (жазбаша өтініш);
- психологиялық клубтың жұмысы бойынша ұсыныстар енгізу;
- клуб ұйымдастыратын іс-шараларға қатысу үшін меңгеру тілі бойынша (орыс, қазақ) микро-командалар құру;
- қалалық және республикалық деңгейдегі іс-шараларда университет атынан өкілдік ету;
- бірінші курс білім алушыларын психологиялық клубтың жұмысына тарту;
- өз еркімен психологиялық клубтың қатысушылар қатарынан шығу.

##### **5.2 Психологиялық клубтың қатысушысы міндетті:**

- психологиялық клуб жұмысында бастама көрсетіп, белсенді болу;
- психологиялық клубтың жетекшісі мен ұйымдастырушысының тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындауды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

- психологиялық клуб жетекшісінің өтініштерін орындауға міндетті;
- психологиялық клубтың ағымдағы жұмысын координациялауды қамтамасыз ету;
- клубтың жетекшісі мен басқа да қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін құрметтеу;
- психологиялық клуб ұйымдастыратын іс-шараларға қатысуға міндетті;
- психологиялық тренингтер өткізу кезінде тәртіпті сақтауға міндетті.

### **6. Психологиялық клуб жетекшісінің құқықтары мен міндеттері**

«Инсайт» психологиялық клубын қоғамдық бастамаларда басқарады, ол жұмысты ұйымдастырады және жүзеге асырады және клубқа жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке жауап береді.

Психологиялық клубтың ағымдағы жұмысына жалпы жетекшілік жасау мен жұмысын бақылауды университеттің кәсіби педагог-психологы жүзеге асырады.

#### **6.1 Психологиялық клуб жетекшісінің құқығы:**

- клуб атынан университеттің құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ өзінің кәсіби және жеке тұлғалық құзыреттілік шеңберінде сыртқы бірлестіктер мен ұйымдармен өзара іс-әрекетін жүзеге асыру;
- психологиялық клуб қатысушыларының міндеттерін анықтау;
- психологиялық клубтың жоспарлы жұмысы бойынша түрлі іс-шаралар өткізу;
- белгіленген тәртіпте және толық көлемде университет бөлімшелерінен өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

#### **6.2 Психологиялық клубтың жетекшісі міндетті:**

- психологиялық клуб туралы ереже әзірлеу;
- оқу жылы/ семестр бойынша психологиялық клубтың жұмысын жоспарлау (білім алушылармен);
- психологиялық клубтың жұмысына білім алушылардың қызығушылығын дамытуға ықпал ету;
- белгіленген мерзімде басшылықтың тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етуге міндетті;
- психологиялық клубтың жұмысы бойынша есеп дайындау (ағымдағы және жылдық);

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

– бақылауды жүзеге асыру және ағымдағы психологиялық клубтың жұмысын координациялауды қамтамасыз ету;

– Университеттің басқа бөлімшелерімен, жоғары тұрған органдармен және ұйымдармен клуб жұмысын үйлестіруді жүзеге асыру;

– жастар орталығымен, Халықаралық ынтымақтастық және тілдерді дамыту орталығымен, құзыреттілік орталығымен, білім алушылардың ғылыми-зерттеу орталығымен, университеттің француз тілімен қызығатын клубымен және Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарының клубтарымен ынтымақтастық жасау.

### **7. Психологиялық клубтың құжаттамасы**

- Психологиялық клубтың ережесі;
- «Клуб қызметінің нормативтік-құқықтық базасы»;
- «Инсайт» психологиялық клубының қатысушыларының тізімі;
- Жылдық (семестр) клуб жұмысының жоспары;
- Клуб ұйымдастыратын іс-шараларды әзірлеу;
- Психологиялық клубтың жұмысы туралы жылдық есеп.